



Бекітемін

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университетінің Ректоры

Ж. Темірбекова

«02» 08 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУ

ҚН-ШМИ-035/01-2025


ПЕДИАТРИЯ КАФЕДРАСЫ МЕНҒЕРУШІСІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Кадр бөлімімен **ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Өзірлегендер
 - Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздыкова
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
4. ЕНГІЗІЛДІ
 - 2025 ж.
5. Тексерілу мерзімі
 - 2027 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент қ., 2025ж.



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ҚН-ШМИ-035/01-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра меңгерушісінің қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		<i>7 беттің 1-беті</i>

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Педиатрия кафедрасының меңгерушісі (әрі қарай –кафедра меңгерушісі) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде басшы санатына жатады және профессор-оқытушылар құрамына енгізіледі. Ол жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие, қоғамдық қызметті және шаруашылық жұмыстарын әкімшілік басқаруды жүзеге асырады.

1.2 Кафедра меңгерушісі өз қызметінде Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) Конституциясын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған халықаралық стандарттарды (ESG – Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің стандарттары мен нұсқаулықтары, ISO 9001 сапа менеджменті жүйесінің стандарты), Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, білім беру бағдарламаларын, ҚР Ғылым және жоғары білім және Денсаулық сақтау министрліктерінің нормативтік құжаттарын, университет Жарғысы мен Даму бағдарламасын, университет Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік актілері мен ережелерін басшылыққа алады.

1.2.1. Университет педагогтарының кәсіби дамуы формальды, бейформальды және информальды білім нәтижелерін тану қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығы).

1.3 Кафедра меңгерушісі қызметіне ашық конкурс негізінде университет Ректорының бұйрығымен қызметке қабылданады және босатылады.

1.4 Кафедра меңгерушісі тікелей факультет деканына бағынады.

1.5 Кафедра меңгерушісі тікелей басшысының ауызша және жазбаша тапсырмаларын орындауға міндетті.

1.6 Кафедра меңгерушісі белгілі себептермен қызметінде болмаған кезде оның қызметтік міндеттері, оны толық жауапкершілікпен орындай алатын, факультет деканының ұсынысымен, университет Ректорының бұйрығымен белгіленген кафедраның басқа тұлғасына жүктеледі.

1.7 Кафедра меңгерушісі жұмысының нәтижесіне толығымен жауап береді.

2 БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

2.1 Кафедра меңгерушісі қызметіне келесідей біліктілік талаптары болуы тиіс:

- тиісті бейін бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім (педагогикалық немесе кәсіби);

- "ғылым кандидаты", "ғылым докторы" ғылыми дәрежесі; "философия докторы (PhD/бейіні бойынша доктор" дәрежесі немесе өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласында құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы бар, (ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметті Спорт қайраткері);

- білім беру ұйымдарында немесе мамандығы бойынша кемінде 5 жыл педагогикалық жұмыс өтілі.

2.2 Кафедра меңгерушісі білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілерді;
- білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістемесін;
- оқу жоспарларын әзірлеу тәртібін;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/01-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра меңгерушісінің қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		7 беттің 2-беті

- оқу-әдістемелік құжаттарды рәсімдеу мен жүргізу ережелерін;
- кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіби оқыту әдістемесін;
- студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің заманауи формалары мен әдістерін;
- экономика негіздерін және еңбек заңнамасын;
- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар мен нормаларды;
- университет Жарғысын;
- университеттің Даму бағдарламасын;
- қызметтік этиканы;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын;
- сапа менеджменті жүйесінің талаптарын;
- осы қызметтік нұсқауды;
- университеттің ішкі еңбек тәртіп ережесін;
- кафедра туралы Ережені.

2.3 Кафедра меңгерушісі бекітілген тәртіпке сай атқаратын қызметінің сәйкестігі бойынша аттестациялаудан өтеді.

3 ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕР

3.1. Басқарушылық және стратегиялық қызмет

- Кафедраның даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру.
- Мамандықтар мен мамандар даярлау бағыттарының нарығын зерделеу.
- Жұмыс берушілермен, түлектермен, білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайту.
- Білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, оларды үздіксіз жетілдіру.
- Университеттің стратегиялық КРІ көрсеткіштерін орындауды қамтамасыз ету.
- Кафедра мәжілістерін ұйымдастыру және төрағалық ету, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау.
- Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуын қамтамасыз ету.

3.2. Академиялық және оқу-әдістемелік қызмет

- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету.
- ҒЖБМ бекіткен білім беру бағдарламаларына қатысты біліктілік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.
- Пәндер бойынша оқу бағдарламаларын бекіту, ЖОЖ, силлабус және оқу-әдістемелік құжаттардың сапасын бақылау.
- Курстық, дипломдық жұмыстар мен кәсіби практикаларды ұйымдастыру және бақылау.
- Қашықтықтан оқыту технологияларын, LMS жүйелерін (Platonus, Moodle және т.б.) енгізуді бақылау.
- Оқу процесінде цифрлық контент әзірлеуді және бейнежазба жасауды ұйымдастыру.
- Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды және білім беру сапасын қамтамасыз етуді қадағалау.

3.3 Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет

- Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуын ұйымдастыру және негізгі ғылыми бағыттарға сәйкестігін бақылау.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/01-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра меңгерушісінің қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		7 беттің 3-беті

– Профессор-оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасауды үйлестіру.

– Ғылыми және ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар, ашық сабақтарды ұйымдастыру.

– Монографиялар, оқу құралдары және әдістемелік еңбектердің жариялануына ықпал ету.

– Инновациялық оқыту технологияларын енгізу және олардың тиімділігін бақылау.

3.4 Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг

– Кафедра ішілік сапаны қамтамасыз ету жүйесін дамыту.

– Сапа менеджменті жүйесі мен ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру қызметін талдау.

– Мониторинг, өлшеу және талдау жүргізу, нәтижелерді жетілдіру шараларын қабылдау.

– Жұмыс берушілер мен студенттердің пікірлерін жүйелі түрде жинап, білім беру бағдарламаларын жетілдіруде пайдалану.

– Ықтимал сәйкессіздіктерді алдын алу және түзету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.

3.5 Тәрбие және әлеуметтік жұмыс

– Студенттердің құндылық бағдарларын, өмірлік дағдыларын, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау.

– Студенттердің тәрбие жұмысына, олимпиадаларға, қоғамдық іс-шараларға қатысуын қолдау.

– Студенттер мен ата-аналарға (заңды өкілдерге) оқу және тәрбие мәселелері бойынша консультация беру.

– Тәлімгерлердің студенттік топтармен жұмысын бақылау.

3.6. Кадрлық және ұйымдастырушылық қызмет

– Кафедра оқытушыларының жұмыс жоспарларын үйлестіру, орындалуын бақылау.

– Кафедраның жылдық сағатын есептеу, профессор-оқытушылар құрамының жеке педагогикалық жүктемесін қалыптастыру және бекіту.

– Кафедра қызметкерлерінің тәжірибесін жинақтау және тарату.

– Жас оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға басшылық жасау.

– Қызметкерлердің нәтижелеріне қарай марапаттау немесе тәртіптік шара қолдануды ұсыну.

– Оқытушылардың біліктілігін арттыруды жоспарлау және қолдау.

– Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және санитариялық нормалардың орындалуын бақылау.

4 ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Өз қызметіне қатысы бар университет басшылығының шешімдерінің жобаларымен танысуға.

4.2. Кафедра жұмысына қатысты барлық мәжілістерге қатысуға, кафедра атынан университет кеңестері мен мәжілістерінде өкілдік етуге.

4.3. Кафедра профессор-оқытушылар құрамының дербес жұмыс жоспарларын бекітуге, олардың орындалуы бойынша жазбаша есептерін талап етуге.

4.4. Кафедра қызметкерлерінің кафедраішілік жұмыс ережелері мен жұмыс кестесінің орындалуын талап етуге.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/01-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра меңгерушісінің қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		7 беттің 4-беті

- 4.5. Кафедра қызметкерлеріне кәсіби дайындығына сай қосымша міндеттер жүктеуге.
- 4.6. Университет басшылығына белгіленген тәртіппен кафедра қызметкерлерінің жұмыстарының нәтижелеріне байланысты марапаттау немесе жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс беруге.
- 4.7. Оқу процесін ұйымдастыруда академиялық еркіндікке ие болуға.
- 4.8. Білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құжаттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.
- 4.9. Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмысына қатысуға және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар беруге.
- 4.10. Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мен қорғауға қатысуға (әділ бағалау, плагиатқа жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу).
- 4.11. Белгіленген тәртіппен халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми конференцияларға, семинарларға, оқу-әдістемелік мәжілістерге қатысуға.
- 4.12. Ғылыми-зерттеу бастамаларын ұсынуға және жүзеге асыруға қатысуға.
- 4.13. Өзінің ғылыми және әдістемелік еңбектеріне авторлық құқықты және интеллектуалдық меншікті қорғауға.
- 4.14. Кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлармен (материалдық, әдістемелік, ақпараттық, техникалық) қамтамасыз етілуге.
- 4.15. Жұмыстан қол үзе отырып немесе қатар жүріп өзінің біліктілігін арттыруға, үздіксіз кәсіби даму курстарына қатысуға.
- 4.16. Өзінің кәсіби беделі мен ар-намысын қорғауға.
- 4.17. Ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктері үшін материалдық көтермелеуге және марапатталуға.
- 4.18. Студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шараларға қатысуға.
- 4.19. Университеттің стратегиялық дамуына қатысты бастамаларға қатысуға.
- 4.20. Кафедра мен факультет деңгейінде басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысуға.
- 4.21. Университет әкімшілігінің шешімдері мен бұйрықтарына белгіленген тәртіппен шағым жасауға.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 5.1. Қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін.
- 5.2. Кафедра жұмысының ұйымдастырылу деңгейі төмен болған жағдайда.
- 5.3. Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі университет басшылығы бекіткен көрсеткіштерден төмен болған жағдайда.
- 5.4. Университет Жарғысында, ішкі құқықтық актілерінде, кафедра туралы Ережеде және осы лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген міндеттерді орындамағаны үшін.
- 5.5. Университеттің стратегиялық даму жоспарлары мен тапсырмаларын орындамағаны үшін.
- 5.6. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етпегені, ҚР МЖМБС және уәкілетті орган бекіткен біліктілік талаптарын орындамағаны үшін.
- 5.7. Оқу-әдістемелік құжаттарды (силлабус, ЖОЖ, есептер және т.б.) сапасыз немесе уақытында орындамаған жағдайда.
- 5.8. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін (плагиатқа жол беру, әділ бағаламау, академиялық еркіндікті шектеу).
- 5.9. Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын орындамағаны үшін.
- 5.10. Ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыста сапасыздыққа, кәсіби қателіктер жіберуге жол бергені үшін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/01-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра меңгерушісінің қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		7 беттің 6-беті

- 5.11. Зерттеу нәтижелерінің сапасына, деректердің сенімділігіне және ғылыми этика талаптарының сақталуына.
- 5.12. Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарын үйлестірмеген жағдайда.
- 5.13. Білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оларға әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін.
- 5.14. Қызметтік этика нормаларын сақтамағаны үшін.
- 5.15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны және сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттерге жол бергені үшін.
- 5.16. Қызметтік және құпия ақпаратты жария еткені үшін.
- 5.17. Кафедраның материалдық-техникалық базасын және өзге ресурстарын максатқа сай емес пайдаланғаны үшін.
- 5.18. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін.
- 5.19. Өзіне сеніп тапсырылған университет мүлкі мен материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда, келтірілген зиянды қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтеуге міндетті.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



С.Кырыкбаева

